



Ақмешіт

25 қаңтар
сейсенбі
№7 (1812)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

«АЗАМАТТАР БИЛІКТІҢ АШЫҚТЫҚ ПЕН ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ОТЫРҒАНЫН КӨРУГЕ ТИІС»

Бұл – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Президент Әкімшілігі, Қауіпсіздік Кеңесі, Бас прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қорғаныс және Ішкі істер министрліктері басшыларының кеңесі өтті. Бұл туралы Президенттің баспасөз қызметі хабарлады. Мемлекет басшысына еліміздегі ахуалды тұрақтандыру үшін берілген тапсырмалардың орындалу барысы баяндалды. Әсіресе қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қайта қалпына келтіруге, азаматтардың заңды құқықтарын қамтамасыз етуге баса мән берілді.

2 БЕТТЕ



Елімізде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды. Президенттің айтуынша, бұл президенттік, үкіметтік немесе қандай да бір мемлекеттік органның қоры емес, барша қазақстандықтың қоры болады.

– Бұл – халық қоры. Ол әкімшіліктің немесе үкіметтің жанынан құрылмайды. Белделі бақылау кеңесі құрылады. Адал, жауапты басшы тағайындалады. Оның қызметі толығымен ашық болады. Қоғамға есеп береді. Жоспарлары, бюджеті мен жобалары сайтта жарияланады. Бүкіл ақпарат ашық болады, – делі кор жайлы Мемлекет басшысы.


Қордың басшысы болып Болат Жәмішев тағайындалды. Бүгінде қарапайым халықтың мүддесі үшін құрылған қордың алдағы жұмысына күмәнмен қарап, түрлі қауесеттер тарауда. Сондай-ақ әлеуметтік желіде қоғамдық қордың қамқоршылық кеңесі құрамына көңілі толмайтындар өз ойларын ашық білдіріп жатыр. Қазақ халқына арналған бұл қордың мақсаты мен міндеті қандай?

ҚОР НЕМЕН АЙНАЛЫСАДЫ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» қоры немен айналысатынын түсіндірді. Қор денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау салаларындағы нақты мәселелерді шешумен айналысады. Мәселен, осы арқылы сирек кездесетін аурумен ауыратын балаларға көмек көрсетілімек. Сондай-ақ саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында елді мекендерде балалар үшін спорт нысандары салынады. Қабілетті балаларға көмек көрсетіледі. Сонымен қатар төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимі енгізілгенде зардап шеккен халыққа көмек беріледі. Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары, арнайы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасыларын қолдау мақсатында жүзеге асырылады. Бір сөзбен атқанда, қордың ең басты мақсаты – қайырымдылық көмек көрсету.

2 БЕТТЕ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ КІМДЕРГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ?



АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ

БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Бұрын бес мың теңгеге бір пакет зат алсақ, қазір тіпті ол ақшаға екі-үш заттың өзі әрең түседі. «Баға қайда барасың?», «Қос бүйірден қысқан қымбатшылық-ай». Дәл қазіргі уақытта халықтың басты айтатын сөзі осындай. Жасыратын несі бар, қымбатшылықтан тапқан табысын біріне жетсе, біріне жеткізе алмай отырғандар жетерлік. Мәселен, біреу ет жеуді азайтса, енді бірі жеміс-жидекті доғарған. Өйткені тапқан таянғаны тек азық-түлік пен несие төлеуге әрең жетіп, жан бағып жүргендер көп.

3 БЕТТЕ



ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ несиеден құтылуға мүмкіндік бере ме?

2021 жылдың 10 айында қазақстандықтардың алған несиесі 9,93 трлн теңгені құраған. Оның 5,77 трлн теңгесі тұтынушылық мақсатта рәсімделген. Бұл көрсеткіш Қазақстан халқының көбінде несие бар екенін дәлелдейді. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 11 қаңтарда Үкімет отырысында бұл мәселеге арнайы тоқталған болатын.

2 БЕТТЕ



УТИЛИЗАЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА: Көлік арзандай ма?

Елде утилизациялық алымға байланысты дау әлі де болса басымай тұр. Бұл бүгін қозғалған мәселе емес. Бұған дейін тозған көлік, кәдеге жарату үшін салынатын салық көлемі жайында әңгіме болған. Әрісі былтыр #НетУтильбору қозғалысы болып, автокөлік иелері утилизациялық алымға қарсылық білдірген болатын.

4 БЕТТЕ



Жалпы қазір жұртты қандай кітап қызықтырады? Адамдар кітапханаға кітап оқу үшін барса, кітап дүкеніне сатып алу үшін барады. Қымбатшылық қос бүйірден қысқан мынадай заманда ақша шығарып, кітап сатып алу да оңай емес. Біз осы ретте кітап дүкенінің менгерушісі Әйгерім Рысбековамен әңгімелескен едік...

Әйгерім РЫСБЕКОВА,
«Kitap's club»
дүкенінің меңгерушісі:

МАҚСАТ – ЖАСТАРДЫҢ КІТАПҚА ДЕГЕН ҚҰЛШЫНЫСЫН АРТТЫРУ

– Әйгерім Қарымсаққызы, әдетте сіз секілді қыз-келіншектер тігін не болмаса кондитерлік цех ашып жатады. Қаншама қарақөздеріміз сұлулық салонын ашты. Сіз неге кітап дүкенін аштыңыз?

– Қызылордаға алғаш келгенде бірнеше кітапханаға бас сұғып көрдім. Өзіңе қажет шығарманы сұрасаң, жоқ-жоқ деп шығарып салады. Әйтеуір осы іспеттес кемшілік көп. Жалпы кітап дүкенін ашу – қажетті туындысын тауып, оқырмандар мамыражай отырып, түрлі кітапты талқыласа, ой бөліссе деген ойдан туындаған еді. Кітап дүкенін үш қыз бірігіп аштық. Кітапхананың ішкі жұмысымен мен айналысам, Асылай Құлмағанбетова Қазақстанның ірі қалаларынан кітап жіберіп отырады. Ал Ғазиза Оспанова – дүкеннің директоры. Ол жарнама мәселесіне жауапты.

3 БЕТТЕ

